


Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж

Баяндама

Адамгершілік тәрбиесі

**Баяндаушы: жоғары санатты
оқытушысы Г.С.Нұрашева**



Адамгершілік — қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым

Адамгершілік мәдениеті мәселесі төңірегінде педагогика классиктері

Я.А.Каменский

Ж.Ж.Руссо

Л.Н.Толстой

Н.И.Ильминский

К.Д.Ушинский

А.Құнанбаев

М.Жұмабаев


Ш.Құдайбердиев

Х.Досмұхамедов

А.Байтұрсынов

Ж.Аймауытов

М.Дулатов



Ы. Алтынсарин адамгершіліктің 7 жақсы қасиеттерді атап көрсетеді

Имандылық

Адалдық, ақкөңілділік

Сыпайылық, момындық

Жоғарғы әділдік

Дұрыс заңдылық

Жомарттық, қайырымдылық

Адал ниетпен өсиет беру

ҰЛЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ «АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ» ЖӨНІНДЕ

Абай: “Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол” деп жырлаған болатын. өмірде адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгенің жақсылығын да бағалағыш келеді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Абайды үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді өзіне ұран тұтқан.

Ш.Құдайбердиев балаға қатарыңнан қалма, өтірік, өсек айтпа, ұрлық-зорлыққа әуес болма, жалқаулықтан, жамандықтан қаш, өнерлі, өнегелі елдердің жастарынан үйрен, оқу оқып, білім ал, талаптан деп өсиет айтады.

С.Қожахметов шәкірттердің адамгершілік пен әдеп, саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселелеріне байланысты бірнеше еңбек жазды. Автор өз еңбегінде дүниежүзілік педагогиканың классигі Ян Амос Каменскийдің “Тәртіп жоқ мектеп – сусыз диірменмен тең” дейтін афоризмін эпиграф етіп алады.

“Ұлттық тәрбиенің негізі – адамгершілік, еңбек тәрбиесі”-дейді М. Жұмабаев. Адамгершілік тәрбиесін сәби шақтан озық түрде баулу керек.

М.Әуезовтың педагогика, методика мәселелері жайлы мәселе көтергені белгілі. “Ғылым” атты еңбегінде: “Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады. Көпшілікті адамгершілікке тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет ... Адамшылықты таза жүргізу үшін – көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек”.

В.Соловьев: “Адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы”- деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған. Тәрбие мәдениеті — өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы. Қоршаған ортаға, адамдарға, өзіне, өмірге деген көзқарастарда жеке адамның дүниетанымы, көзқарасы, ұмтылысы, нанымы байқалады. Сондықтан жеке адамның адамгершілік сферасын қалыптастыру- тәрбиенің өзегі».

Табиғат – адам тәрбиешісі. В.А.Сухомлинскийдің пікірінше адамгершілік тәрбие беру дегеніміз – баланы гүлге су құюға немесе тазалыққа үйрету емес, ол баланың санасына табиғат дегеніміз – біртұтас жүйе, ол адам мен табиғаттың бірлігінен құраламындығын жеткізу. Адамдарды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Адамның шынайы байлығы затта емес, рухани қазынада.

(В. Сухомлинский).

Американдық психолог Л.Кольберг адамгершілік тәрбиелеудің басты мақсаты мінез- құлықты қалыптастыру емес, ұтымды пікір айту қабілеті деп түсіндіреді. Адамгершілік туралы түсінікті қалыптастыруда түсіндіру, ақыл-кеңес, нұсқау, бағыт- бағдар беру тәсілдерін қолдану адамгершілікті тұлға қалыптастыруға негіз бола алады.

ӘДЕПТІЛІК СИПАТТАР

- Өзгелердің мүддесін, өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу.
- Ата-анаға балалық құрмет көрсете білу, оларды құрметтеу, оларға адал болу, оларды сүю.
- Достарының, отбасының, Отанының сенімін ақтау.
- Өз ісін ізгілік мақсатқа арнау, басқалардың мүддесіне қызмет ету және маңызды істің шешіміне жету үшін өзінің іс-әрекетін, күш-қайратын жұмсау.
- Барлық адамдардың пікірін, құқын, жеке меншігін құрметтеу.
- Өзгелердің пікірін сабырлықпен қабылдау, бірақ та жағымсыз істерден бойын аулақ ұстау.
- Жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтаждығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету.
- Кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу.
- Рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу.
- Көмектесу, көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру.



Тіл табысуға үйренеміз!



жеке тұлғамен қарым-қатынас
мәдениетіне тәрбиелеу

ақпарат мәдениетін қалыптастыру


қашықтан әсер ету дағдысын
меңгерту

- ❖ «Конституция күні»
- ❖ «Білім күні»
- ❖ «Педколледж оқытушылары мен оқушыларының қағидаларын қабылдау»
- ❖ Класс сағаттары: «Өзің және жанұяң туралы айт», «Жанұядағы әдеміліктің атмосферасы»
- ❖ Қала бойынша экскурсия «Сен Оралды білесің бе?»
- ❖ Спорттық мейрам «Денсаулық күні»



Бірінші курста «Тіл табысуға үйренеміз!» бағыты бойынша студенттерді қоғамдық өмірге бейімдеу үшін ұйымдастырылған кешенді іс-шаралар жеке тұлғаның интеллектуалдық, әлеуметтік психологиялық қабілеттерін арттыруға бағытталады. Бұл бағыттағы жұмыстар студенттерді колледж қағидаларымен таныстыру, «Өзін-өзі тану – өмір талабы» психологиялық тренингтер, «Мамандығым - мақтанышым» семинар, «Қызға қырық үйден тиым» тақырыбында дөңгелек үстел, «Сенің жұлдызды сәтің» фестивалі жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.

Ойлауға үйренеміз! Ойлауға үйренеміз!



Қалыптан тыс жағдайдан жол тауып шығуға үйрету

оқу бағдарламасын модульдеуді үйрету

ақпараттық оқу алаңын құруды үйрету.

❖ КТК

❖ Интеллектуальдық ойындар «XXI ғасыр көшбасшысы», «Ақылдылар»

❖ Класс сағаты: «Ғажайыптар әлемінде»

❖ Танымал адамдармен кездесу

❖ Оқушылардың ғылыми қоғамға қатысуы



Екінші курста «Ойлауға үйренеміз» бағыты бойынша «Математикалық регата», «Қызықты информатика», «Интеллект-шоу», «Бүгінгі студент – ертеңгі құзыретті маман» тақырыбында өткізілген сайыстар ақпараттық оқу алаңын құруға бағытталды. «Тапқыр достар» интеллектуалды сайысы, құқықтық тәрбие беру мақсатында «Құқық – әділет пен парасат жолы», патриоттық тәрбие беруде «Тәуелсіз елім - бақытым» атты шаралар ұйымдастырылды. Ұстаздар және ардагерлер күніне орай «Ардагерлер – ақылдың көрігі екен, ұстаздарым – ұлағат серігі екен» атты мерекелік шара жоғары деңгейде өтеді. Барлық топтарда дәстүрлі түрде педагогикалық еңбек ардагерлері және колледж жанынан құрылған «Ұрпақтар сабақтастығы» клубы мүшелерімен кездесу өткізіліп отырады.



Шығармашылыққа үйренеміз!



Оқу-танымдық ақпараттан ең қажетті, бағалы деректерді таңдап, таба білуге үйрету

оқушыларды оқыған құбылысының моделін сәулеттің құрылым ретінде құруға, білімін негіздеуге үйрету

оқушыларды жүйелі ойлауға бағыттау

❖ «Жаңа Жыл», «Масленица», «Наурыз» мейрамдарының сценарийлерін дайындауға қатысу

❖ Байқаулар: «Мамандық бойынша үздік», «Жыл студенті»

❖ Қызығулары бойынша клубтарға қатысу


❖ Оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі

❖ Пәндер бойынша олимпиадаларға қатысу



Үшінші курста «Шығармашылыққа, өзін-өзі басқаруға үйренеміз!» бағытында өткізілген тәрбие шаралары студенттердің өз бетімен ізденуіне, пікірін ашып айтуға кез- келген жағдайдан жол тауып шығуына үйрету мақсатында ұйымдастырылды. «Жаһанша жастары» КТК тобы облыстық жарыстарға қатысып отырады. Халықаралық студенттер күніне арналған «Студенттік лайф» атты шара өткізіледі. Студенттердің диплом алды машыққа дайындығын байқау мақсатында «Еркін елдің болашағы» атты сайыс өткізіледі. Нәтижесінде студенттер үш жыл бойы меңгерген білімдерін көрсетіп, кәсіби біліктерінің жоғары екенін байқатты. Студенттердің кәсіби біліктерін арттыру мақсатында «Мамандығым - мақтанышым», «Жыл студенті» атты шаралар өткізіледі.

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің директоры, п.ғ.д.
Ш.Х.Құрманалинаның авторлығымен жасақталған «Жеке тұлғаны
қалыптастыру моделі»



ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАРДАН КӨРНІСТЕРІ

